



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

Сапа бойынша есеп

*2020 жылғы Қазақстан Республикасындағы еңбек
нарығының негізгі индикаторлары*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жанарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (ҚР СЖРА ҰСБ)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы департменті

S.1.3 Байланыс адамының аты

Алимбетова Айнұр Серікқызы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Белоносова Наталья Евгеньевна

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел көшесі, 8, Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

ain.alimbetova@aspire.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7(7172)74-96-88

S.2 Өзектілік- кіріспе

Зерттеу жүргізудің мақсаты - еңбек нарығының негізгі индикаторлары бойынша жұмыспен қамтудың жаңа стандарттарына сәйкес Қазақстан Республикасының өңірлері бөлінісінде қалыптастырылған деректерді ұсыну болып табылады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

31.12.2020

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

31.12.2020

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

31.12.2020

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Жұмыспен қамтылған халық жынысы бойынша, тұрғылықты жері бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, жасы бойынша, қызметі бойынша, өңірі бойынша.

Жалдамалы қызметкерлер жынысы бойынша, тұрғылықты жері бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, жасы бойынша, қызметі бойынша, өңірі бойынша.

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер жынысы бойынша, тұрғылықты жері бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, жасы бойынша, қызметі бойынша, өңірі бойынша.

Жұмыссыз халық жынысы бойынша, тұрғылықты жері бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, жасы бойынша, қызметі бойынша, өңірі бойынша.

Жұмыс күшінің құрамына кірмейтін адамдар жынысы бойынша, тұрғылықты жері бойынша, экономикалық қызмет түрлері бойынша, жасы бойынша, қызметі бойынша, өңірі бойынша.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Зерттеу жүргізу кезінде мынадай статистикалық жіктеуіштер пайдаланылады:

- 1) ЭҚЖЖ - Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші;
- 2) ӘАОЖ - Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші.

Аталған жіктеуіштер ҚР СЖРА ҰСБ Интернет ресурсындағы www.stat.gov.kz/Негізгі/Маңызды/Жіктеуіштер бөлімінде орналасқан.

S.4.3 Секторлық қамту

Байқауға халықты жұмыспен қамту бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеуге қатысатын үй шаруашылықтары кіреді.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

- 1) Үй шаруашылығы - бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді

бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект. Зерттеуге 234 018 үй шаруашылығы қатысады.

2) Байқау типі – іріктемелі. Интервьюер үй шаруашылығының мүшелеріне «Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы Т-001» статистикалық нысанының сұрақтары бойынша сауал салу жүргізіледі. Халықты зерттеу ай сайын жүргізіледі, үй шаруашылықтары 12 айға бірдей бөлінген.

3) «Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы Т001» нысаны «Жұмыс уақыты индикаторларын қалыптастыру жөніндегі әдістеме», «Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санын, олардың орташа айлық табыстарының деңгейін және жұмыссыз халықтың санын анықтау әдістемесі», «Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі», «Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың қорытындылары бойынша еңбек көші-қонын сипаттайтын көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша», «Еңбек нарығының негізгі индикаторлары бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелеріне сәйкес әзірленді. Статистикалық нысан қайта қаралды және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының бұйрығымен тіркелген және Бюроның [www.stat.gov.kz/Респонденттерге/Статистикалық нысандар/Айлық ресми сайтында қолжетімді](http://www.stat.gov.kz/Респонденттерге/Статистикалық_нысандар/Айлық_ресми_сайтында_қолжетімді).

S.4.5 Статистикалық объект

Үй шаруашылығы

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігін іріктеу қағидаты)

Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы байқаудың іріктемелі әдісі негізінде жүзеге асырылады.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін ақпараттық база ТҚСТ болып табылады.

Көрсетілген деректер қорын пайдалану бірқатар артықшылықтарға негізделген:

- іріктеменің дайын шеңберінің болуы, бұл іріктеменің негізін құрумен байланысты шығындардың маңызды баптарының бірін болдырмайды;
- тұрақты өзектілендіретін деректер қорының болуы, бұл үй шаруашылықтарын ротациялауды жүзеге асыру үшін қажет;
- аумақтық бөліністе үй шаруашылықтары туралы ақпараттың болуы.

Бас жиынтықта үй шаруашылықтарының саны 5 090 197 үй шаруашылығын құрайды. Іріктемелі жиынтық 234 018 үй шаруашылығын немесе бас жиынтықтан 4,4% құрайды және резерв 100% құрайды.

Жалпы коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақ үйлерде, діни қауымдастықтарда және басқа да осыған ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық түрлерінде тұратын үй шаруашылықтары зерттеуге жатады.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (барлық облыстары, республикалық маңызы бар қалалар мен астана)

S.4.8 Қамту уақыты

2001 жылдан бастап

S.4.9 Базалық кезең

Былтырғы жылдың тиісті кезеңімен ара қатысы белгіленеді.

S.5 Өлшем бірлігі

Адам

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.
3. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.
4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі.
5. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.
6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелді.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректердің құпиялылығы мен қорғалуы қамтамасыз етіледі.
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.
3. ҚР СЖРА ҰСБ басшысының 2021 жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Бюроның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы

мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, Бюроның есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығы және теңтүпнұсқалығы шартында қамтамасыз ету болып табылады.

4. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген. Сауалнама ерікті, құжаттар талап етілмейді, ақпарат агрегатталған түрде жарияланады, алғашқы деректері бар сауалнама бір жыл сақталады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген. Сауалнама ерікті, құжаттар талап етілмейді, ақпарат агрегатталған түрде жарияланады, алғашқы деректері бар сауалнама бір жыл сақталады.

2. Мемлекеттік статистика органдарының қызметкерлері респондентті сәйкестендіруге мүмкіндік беретін алғашқы статистикалық деректерді, статистикалық ақпаратты және (немесе) дерекқорды жоғалтқаны, сатқаны, бергені және өзге де заңсыз жария еткені үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады. Сауал салу жүргізу кезінде интервьюерлер деректерді жинау барысында және байқау аяқталғаннан кейін пікіртерім субъектісінен алынатын мәліметтердің құпиялылығы сақталатыны туралы аумақтық органда жазбаша міндеттемеге қол қояды.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» бөлімі// «Статистика саласындағы НҚА» орналастырылған.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» бөлімі// «Негізгі құжаттар» орналастырылған.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпарат ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес Статистикалық жұмыстар жоспарында кезделген көлемде таратылуға жатады. Мемлекеттік статистика органдары пайдаланушыларға мемлекеттік статистика органдарының интернет-ресурстарында орналастыру арқылы сапалы әкімшілік статистикалық ақпаратқа және статистикалық әдіснамаға бір мезгілде қол жеткізуге тең құқықтарды қамтамасыз етеді. (ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz. сайты)

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

«Еңбек нарығындағы жағдай» баспасөз хабарламасы (жыл сайын). ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі»//«Жаңалықтар» бөлімінде орналастырылған.

S.11.2 Жарияланымдар

Жыл сайын электронды кестелер түрінде жедел ақпарат және «Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары» статистикалық бюллетені ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында жарияланады.

Ресми статистика //Салалар бойынша // Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бөлімінде орналастырылған.

S.11.3 Онлайн режимдегі деректер қоры

«Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесі Еңбек және халықты жұмыспен қамту статистикасы бөлімінде

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрде ұсыну Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары аясында реттеледі (Бюроның www.stat.gov.kz сайтында орналастырылған).

S.11.5 Өзге де

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесі. Барлық әдіснама ҚР СЖРА ҰСБ www.stat.gov.kz сайтында Еңбек және халықты жұмыспен қамту статистикасы бөлімінде орналастырылған.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 16 қарашадағы бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. Тиісті құрылымдық бөлімшенің Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесінің құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Халықты жұмыспен қамту статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлданған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау.
- стандартты статистикалық жіктелімдерді пайдалану;
- алғашқы деректерді жинау және өңдеу кезеңдерінде форматтық-логикалық бақылау әзірленген және енгізілген;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (серпінде).

S.13.2 Сапаны бағалау

БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының Қазақстан Республикасының статистикалық жүйесін жаһандық бағалауы (2008ж., 2017ж.).

-Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру әдіснамасы Халықаралық еңбек ұйымы стандарттарымен салғастырымды.

-«Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізгі индикаторлары» бюллетені деректері негізінде Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының, Еуразиялық экономикалық комиссиясының халықаралық сұрақнамалары толтырылады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар.

S.14.2 Пайдаланушылардың қанағаттанушылығы

ҚР СЖРА ҰСБ «Пайдаланушыларға сауал салу» Q-002 сауалнамасына сәйкес ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға жыл сайын сауал салу жүргізеді.

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Деректердің толықтығы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 маусымдағы № 132 бұйрығымен бекітілген «Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесіне» сәйкес әдістемелік ұсынымдарды және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2020 жылғы 7 қыркүйектегі № 34 бұйрығымен бекітілген «Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы» (индексі Т-001, кезеңділігі айлық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жәніндегі нұсқаулығын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

Іріктелген үй шаруашылықтарының жетіспеуі жағдайында резерв тізімінен тұрғын үй-жайлардың мекенжайлары ауыстырылады. Интервьюер іріктемеде көрсетілген тізімге сәйкес мекенжайда тұратын үй шаруашылықтарының мүшелеріне ғана сауал салу жүргізеді.

Іріктеп алынған үй шаруашылықтарынан жауапты толық ала алмау зерттеу нәтижелерінің бұзылуына алып келетін күрделі кемшілік болып табылады. Бұл жағдайда жеткіліксіз деректердің орнын толтыру қажеттілігі туындайды. Осы рәсім көрсеткіштерді жете есептеуді, іріктемелі зерттеудің алынбаған деректерінің орнын толтыруды жүзеге асыруға арналған.

Зерттеу барысында үй шаруашылықтарына сауал салуды жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алады. Себептердің екі түрі бар: объективті және субъективті.

Зерттеуден бас тартудың объективті себептері:

үй шаруашылықтарының барлық мүшелері 73 және одан жоғары жаста;

үй бұзылған;

кетіп қалған, пәтер (үй) бос;

пәтерлер біріктірілген;

бұзуға түскен үй;

үй (мекенжайы) табылмаған;

өзге себептер (үй-жайдың мақсатының өзгеруі).

Зерттеуден бас тартудың субъективті себептері:

үй шаруашылығының зерттеуге қатысудан бас тартуы.

Деректерді ұсынбау жағдайын өңдеу кезінде барлық себептер бойынша алынбаған жауаптардың орны толтырылады. Өңдеудің бұл мақсаттары үшін іріктемелі салмақтарды түзетуді тұжырымдайтын қайта өлшеу әдісі қолданылады.

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Статистикалық бағалаудың нақтылығы көрсеткіштері ретінде іріктеменің стандартты қатесі мен іріктеменің стандартты салыстырмалы қатесі қолданылады.

Іріктеменің стандартты қатесі іріктеме параметрі мәнінің осы параметрдің іріктемелі орташа мәнінен стандартты ауытқуы болып табылады.

Стандартты салыстырмалы қате бағаланатын статистикалық шаманың оның орташа мәніне қатынасы болып табылады.

Аудандар бойынша зерттеудің нақтылығы жұмыспен қамтылғандар саны, жұмыссыздар саны, жұмыс күші саны, жұмыс күшінің құрамына кірмейтіндердің саны, жұмыс күші үлесі, жұмыссыздық деңгейі көрсеткіштері бойынша есептеледі.

Іріктеменің стандартты қатесі (μ) іріктемелі және бас жиынтық сипаттамалары арасындағы ықтимал айырмашылықтарды айқындайды. Іріктеменің стандартты қатесінің мәні мына формула бойынша анықталады:

$$\mu = \sqrt{\frac{\sigma^2}{n} (1 - n/N)}$$

мұндағы,

σ^2 – бас дисперсия;

n – іріктемелі жиынтық көлемі;

N – бас жиынтық көлемі.

2020 жылға Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеудің нәтижелерін бағалаудың салыстырмалы стандартты қатесі

пайызбен

	Жұмыс күші саны	Жұмыспен қамтылған халықтың саны	Жұмыссыз халықтың саны	Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар саны	Жұмыспен қамту деңгейі	Жұмыссыздық деңгейі
Қазақстан Республикасы	0,01	0,01	0,64	0,06	0,01	0,64
Ақмола	0,05	0,04	3,03	0,40	0,04	3,03
Ақтөбе	0,05	0,03	3,02	0,29	0,03	3,02
Алматы	0,03	0,02	1,98	0,22	0,02	1,98
Атырау	0,04	0,04	3,37	0,52	0,04	3,37
Батыс Қазақстан	0,06	0,04	3,28	0,34	0,04	3,28
Жамбыл	0,05	0,03	2,70	0,28	0,03	2,70
Қарағанды	0,05	0,03	2,55	0,18	0,03	2,55
Қостанай	0,05	0,03	2,76	0,30	0,03	2,76
Қызылорда	0,07	0,04	3,32	0,25	0,04	3,32

Маңғыстау	0,06	0,04	3,43	0,38	0,04	3,43
Павлодар	0,06	0,04	3,10	0,31	0,04	3,10
Солтүстік Қазақстан	0,06	0,04	3,48	0,36	0,04	3,48
Түркістан	0,05	0,03	2,02	0,17	0,03	2,02
Шығыс Қазақстан	0,05	0,03	2,34	0,20	0,03	2,34
Нұр-Сұлтан қаласы	0,04	0,03	2,71	0,32	0,03	2,71
Алматы қаласы	0,04	0,02	1,83	0,18	0,02	1,83
Шымкент қаласы	0,07	0,04	2,81	0,20	0,04	2,81

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ А1.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы «30» маусымдағы № 132 бұйрығымен бекітілген Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесіне сәйкес халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу үшін ағымдағы жылға іріктемелі жиынтық көлемін анықтаған кезде өткен жылғы халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу нәтижелері іріктемесінің салыстырмалы қатесін есептеу қолданылды.

Жыл сайын іріктеменің салыстырмалы қатесі есептеледі және «Қазақстан Республикасында еңбек нарығындағы негізгі индикаторлар» бюллетенінде жарияланады.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

S.15.3.1 Қамту қатесі

Іріктелген үй шаруашылықтарының жетіспеуі жағдайында резерв тізімінен тұрғын үй-жайлардың мекенжайлары ауыстырылады. Интервьюер іріктемеде көрсетілген тізімге сәйкес мекенжайда тұратын үй шаруашылықтарының мүшелеріне ғана сауал салу жүргізеді.

Іріктеп алынған үй шаруашылықтарынан жауапты толық ала алмау зерттеу нәтижелерінің бұзылуына алып келетін күрделі кемшілік болып табылады. Бұл жағдайда жеткіліксіз деректердің орнын толтыру қажеттілігі туындайды. Осы рәсім көрсеткіштерді жете есептеуді, іріктемелі зерттеудің алынбаған деректерінің орнын толтыруды жүзеге асыруға арналған.

Зерттеу барысында үй шаруашылықтарына сауал салуды жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алады. Себептердің екі түрі бар: объективті және субъективті.

Зерттеуден бас тартудың объективті себептері:

үй шаруашылықтарының барлық мүшелері 73 және одан жоғары жаста;

үй бұзылған;

кетіп қалған, пәтер (үй) бос;

пәтерлер біріктірілген;

бұзуға түскен үй;

үй (мекенжайы) табылмаған;

өзге себептер (үй-жайдың мақсатының өзгеруі).

Зерттеуден бас тартудың субъективті себептері:

үй шаруашылығының зерттеуге қатысудан бас тартуы.

Деректерді ұсынбау жағдайын өңдеу кезінде барлық себептер бойынша алынбаған жауаптардың орны толтырылады. Өңдеудің бұл мақсаттары үшін іріктемелі салмақтарды түзетуді тұжырымдайтын қайта өлшеу әдісі қолданылады.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Іріктемелі бірлік зерттеуге мүлдем қатыспаған жағдайда деректерді ала алмау орын алады. Деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасы қолданылады.

Бас жиынтыққа қолданылатын деректерді алу мақсатында зерттеу қорытындыларына статистикалық салмақтау жүргізіледі.

Іріктемелі зерттеудің нәтижелерін салмақтау байқаудың әрбір жекелеген бірлігіне– персонаға сәйкес салмақ беру арқылы жүргізіледі.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Бюллетенде 12 айдың қорытындысы бойынша жылдық қорытындылардың алғашқы нәтижелері келесі жылғы наурыз айында қалыптастырылады және түпкілікті болып табылады. Шығару күні Статистикалық жұмыстар жоспарында және Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген (келесі жылғы наурыз).

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Зерттеу нәтижелері Статистикалық жұмыстар жоспарында көрсетілген мерзімдерге сәйкес жыл сайын жарияланады және түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 76 бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және ҚР СЖРА ҰСБ басшысының бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады.

Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2020 жылы жариялымдар мерзімінде жарияланды. Жариялану күні демалыс немесе мереке күндеріне түссе келесі күнде ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Қазақстан Республикасының аумағы шегінде

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистикасы бойынша ассиметрия – коэффициент/СС1

Қолданылмайды

S.17.2 Салыстырылатын уақыттық қатарлардың ұзақтығы/СС2

Еңбек нарығы негізгі индикаторларының серпінділік көрсеткіші 2001 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Халықтың жұмыспен қамтылуын зерттеу бойынша үй шаруашылықтарының іріктемесін құру әдістемесінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңдарында айқындалған мәндердегі ұғымдар, сонымен қатар Еңбек Статистиктерінің Халықаралық Конференциясында (бұдан әрі – ЕСХК) қабылданған анықтамалар және Халықаралық Еңбек Ұйымының (бұдан әрі – ХЕҰ) ұсынымдары пайдаланылады.

S.18.2 Ішкі келісушілік

2016-2020 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы жұмыссыз халықтың санымен жұмыспен қамтылған халықтың саны бойынша деректердің келісушілігі төменде көрсетілген.

Қазақстан Республикасындағы жұмыспен қамтылған халық

мың адам



Қазақстан Республикасындағы жұмыссыз халық

мың адам



2016-2019 жылдары екі көрсеткіш бойынша диаграммада көрсетілгендей жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі мен жұмыспен қамтылған халықтың ұлғаюы байқалады. 2020 жылы Covid-19 таралуын шектеу мақсатында қолданылған карантиндік шаралардың әсерінен Республикада жұмыспен қамтылған халықтың 48,8 мың адамға төмендеуі және жұмыссыз халықтың 8,1 мың адамға артуы байқалады.

S.19 Жүктеме

Деректерді жинау қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Ақпаратты өңдеу процесстері жергілікті бағдарламалық кешенді қолдану арқылы автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратқа бақылау көзделген. Хронометраждық жолмен үй шаруашылығының 1 мүшесіне

сауалнамалық пікіртерім жүргізуге шамамен 10-15 минут кететіндігі анықталды.

Үй шаруашылықтарын тұрмыс деңгейі бойынша зерттеу деректері бойынша орташа отбасылық коэффициент - 4 адам. Осылайша, бір сауалнаманы толтыруға кеткен орташа уақыт 40-45 минут.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

«2020 жылғы Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізі индикаторлары» бюллетені Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес 2021 жылғы 29 наурызда жарияланды.

2021 жылғы 2 сәуірдегі №36-8-01-021020100000/2593-і қызметтік жазбаның негізінде «2020 жылғы Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізі индикаторлары» бюллетені 2021 жылғы 2 сәуірде қайта жарияланды. Бюллетенді толтыру барысында әзірлемелік кестелерден жалдамалы жұмыскерлер («Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу», «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау», «Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру» ЭҚТ бойынша) бойынша деректер енгізілмеген. Жұмыспен қамтудың және жұмыссыздықтың негізгі көрсеткіштері өзгеріссіз қалды.

2021 жылғы 28 қазандағы №36-8-01-021020100000/8192-і қызметтік жазбаның негізінде «2020 жылғы Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығының негізі индикаторлары» бюллетені 2021 жылғы 29 қазанда қайта жарияланды. 2021 жылғы 2 сәуірде бюллетенді қайта отырғызу кезінде ҚР ҰЭМ СК Төрағасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы № 20 бұйрығымен бекітілген (ҚР ӘМ 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 18136 болып тіркелген), Статистикалық әдіснама өзгерген жағдайда статистикалық мақсаттар үшін және жаңартылған, құжатпен расталған ақпарат негізінде жарияланған ресми статистикалық ақпаратты қайта қарау қағидаларына сәйкес 10-шы кестенің макетінде 2021 жылғы 2

сәуірде жарияланған бюллетенге өзгерістер енгізу туралы сілтеме көрсетілмеген. 10-шы кестеге деректерді қайта отырғызу туралы сілтемелер қойылды. («Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу», «Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау», «Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамсыздандыру» ЭҚТ бойынша).

S.21.1 Бастапқы деректер

Деректерді жинау үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізуге негізделген. Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығын қалыптастыру үшін бас жиынтық ретінде «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің компоненті - «Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі» (бұдан әрі – ТҚСТ) болып табылады.

Аталған дерекқордың бірқатар артықшылықтары бар:

іріктеменің дайын шеңберінің бар болуы;

тұрақты өзектілендірілетін деректер қорының бар болуы;

аумақтық бөліністе үй шаруашылықтары туралы ақпараттың бар болуы.

ТҚСТ есепке алу бірліктері Қазақстанның аумағында орналасқан барлық тұрғын үйлер және тұрғын үй- жайлар болып табылады. Оларға пәтерлер, бір пәтерлі (жеке) үйлер, екі пәтерлі үйлер, үш және одан да көп пәтерлі үйлер кіреді.

ТҚСТ дерекқоры екі кестеден тұрады, үй – негізгі кесте, ол жалпы тұрғын үй бойынша ақпаратты қамтиды; пәтер – қосымша кесте, ол тұрғын үйдегі әрбір пәтер бойынша ақпаратты қамтиды.

Бас жиынтықты қалыптастырудың ерекшеліктері:

бас жиынтыққа жалпы коммуналдық пәтерлерді, жатақханаларды, қарттар және мүгедектерге арналған интернат-үйлерді, балалар үйін, түрмелерді, қонақ үйлерді, діни қауымдастықтарды және басқа да ұқсас тұрғын үйжайларды қоспағанда, тұрғын үй-жайдың барлық түрлері кіреді;

ақпарат жинау барысында интервьюерлерге жүктемені азайту мақсатында бас жиынтықтан жалпы үйлер саны 100-ден төмен үй шаруашылығынан тұратын елді мекендер алып тасталады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жыл

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау үй шаруашылықтарына сауалнама (сауал салу) жүргізуге негізделген, деректерді жинау «Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктемелі зерттеу сауалнамасы» Т001 статистикалық нысанын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі форматты-логикалық бақылауды қамтиды.

Анықтықты тексеру келесілерді қамтиды:

- бас жиынтықты қамтудың сәйкестігін тексеру;
- статистикалық процестерді алдыңғы циклдермен салыстыру;
- статистикалық деректерді басқа тиісті деректермен салыстыру.

S.21.5 Импутация - үлесі/А7 13

Қолданылмайды

S.21.6 Түзету

Қолданылмайды

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Жүргізілмейді

S.22 Ескерту